

Зере» бөбекжай балабақшасында шығармашылық топ жоспары аясында «Жаңа тәсілдер – ата-ана көзімен» атты жиналыс ұйымдастырылды.

Іс-шараның мақсаты — білім беру үдерісіндегі заманауи әдіс-тәсілдерді ата-аналарға таныстыру, бала дамуына бағытталған жұмыстарды бірлесе талқылау және отбасы мен балабақша арасындағы серіктестікті нығайту болды.

Жиналыс барысында ата-аналар жаңа форматтағы ойындар мен әдістерге қатысып, балалардың қызығушылықпен білім алудағы белсенділігін өз көздерімен көрді. Ашық пікір алмасу алаңы ата-аналардың ұсыныстары мен жылы лебіздеріне толы болды.

Бала тәрбиесіндегі бірлік — жарқын болашақтың бастауы. Осындай тағылымды кездесулер сенім мен ынтымақтастықты арттыра түседі. ✦✧

АДАЛ АЗАМАТ
БИРТУТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ



Қазіргі қоғамдағы ата-ананың рөлі-коучинг

04.02.2026ж Өткен күні

10:00-10:30 Ата-аналарыды қабылдау

Көңілді сергіту әуіенімен кіру.

Құрметті ата-аналар 2025-2026 оқу жылына жоспарланған педагогикалық ұйымдастырушылық шығармашылық тобы құрылды. Осы шығармашылық топтың жоспары бойынша «қазіргі қоғамдағы ата-ананың рөлі» атты іс шараға қош келдіңіздер.

Сөз кезегін «Зере»бөбекжай балабақшасының менгерушісіне Кузембаева Ұмсындық Базарбайқызына және әдіскер Даржанова Гаухар Сағындайқызына.

«Отбасы» шағын бейнеройлик косылды.

Күн тәртібінде:

1. Психолог Түрганбаева Ж.Б коучинг
2. «Көңілді ойын» тәрбиеші Есенжолова Г.Е
3. Сұрақ-жауап әдіскер Даржанова Г.С
4. «Ханталапай» ойыны Дүйсебаева К.С және Айгерім Е.
5. Шығармашылық жұмыс тәрбиеші Кәри И.Д
6. Рефлексия тәрбиеші Гүлхан.И



«Зере» бөбекжай балабақшасында шығармашылық топтың ұйымдастыруымен ата-аналарға арналған «Ашық есік күні» жоғары деңгейде өтті. Бұл іс шараға бес ересек топтың ата аналары қатысты.

Іс-шараның мақсаты — ата-аналар мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту, балалардың күнделікті өмірімен және шығармашылық жетістіктерімен таныстыру болды.

Күн барысында ата-аналар ашық оқу қызметтеріне қатысып, балалардың өнерін, белсенділігін және білімге деген қызығушылығын тамашалады. Әр бүлдіршіннің қуанышты күлкісі мен



